

МКҚК №53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы
«Лалагүл» кіші тобының музыка
ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық
картасы
2020-2021 оқу жылы

Саз жетекшісі: Турдалиева У

Шымкент

Өтілетін күні:01.09.2020

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім беру саласы:

Шығармашылық Бөлімі : Музыка

Тақырыбы: Менің балабақшам

Мақсаты: Балабақша туралы әңгімелеу. Түрлі сипаттағы әуендер тыңдап, музыканың көңілкүйін сезінуге баулу . **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар, суретті иллюстрациялар, нота хрестоматиясы.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, жеңіл жүгіруді ұсынады. «Жүгіру» (Т. Ломова) Педагог: Балалар, бүгін бізге қуыршақ Сәуле қонаққа келді. Қараңдаршы, қандай әдемі қуыршақ! Қане, бәріміз қуыршақ Сәулемен бірге серуенге шығайық. Аяғымызды нық басып жүреміз.	Бірінің соңынан бірі жүру, қимылымен кіру қимылмен билеп жеңіл жүгіріп жүреді..
Ұйымдастыру Іздену	Серуен» (М. Раухвергер). Әуен ырғағымен жай жүреді. - Ал енді бірге жүгірейік. (Аяқ ұшымен жүгіру). - Жарайсыңдар, бірге қол шапалақтайық. - Қуыршақ Айгүл сендерге риза болды. Балаларға отырып, ән тыңдауды ұсынады. Музыка тыңдау «Балабақша бағында» Ж. Шілдебаев . Аспапта ойналған әуенді тыңдау ережесіне баулу. Бесік тербетіп, сәби ұйықтатып отырған ананың суреті көрсетіледі. Әуенге сипаттама береді. Педагог: Балалар қандай тамаша, Ән салайық жараса! Ән айту. «Қуыршақпен билейміз» (Ж. Тұрсынбаев, Е. Өтетілеуұлы) Әнді орындап, мазмұнына сәйкес іс-әрекеттерді бірге жасауды ұсынады. Балалар «қиялдағы» қуыршақты әлдилеген ишара жасап, ұйықтатқан сияқты қимылдар жасайды. Педагог қуыршақ Айгүльмен би билеуге шақырады. «Қуыршақпен ойын» ойыны («Қуыршақпен ойын» Б. Жүсібәлиев, «Ойын» Б. Дәлденбай	Музыканы тыңдап, әннің не туралы айтылып жатқанын бейнелеп, көз алдарына елестету. Балабақшада не істейміз, ойнаймыз, ән, айтып, би билейміз Ойынды түсіне отырып, айтуға тырысады. Би қимылдарын ырғаққа сәйкес жасауға ұмтылады Жұптарымен бірге қимылдайды.
Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді. Қуыршақ Айгүльмен қоштасып, үйіне шығарып салайық деп ұсынады	Би қимылдарын ырғаққа сәйкес жасауға ұмтылады Жұптарымен бірге қимылдайды.

Күтілетін нәтиже: **Білу керек:** ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (жүгіреді, шеңбермен жүреді);.

Игереді: түрлі сипаттағы әуендер тыңдап, сипатын ажыратады;

Меңгереді: тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп, бірге ән салады.

Әдіскер: 

Өтілетін күні: 08.09.2020/11.09.2020

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка. Тақырыбы : Менің достарым «Қуыршақпен билейміз» Мақсаты : Үлкендердің көмегімен әуенді қимыл-қозғалыс жасай білуге үйрету. Ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: қуыршақтар, жұмсақ ойыншықтар, нота хрестоматиясы.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Қуыршақ ойыншықпен қарсы алу. Педагог: Балалар, бүгін бізге тағы қонаққа қуыршақ Сәуле келді. Сәуле сендермен бірге жүгіріп, секіріп ойнағысы келеді. «Жүгіру және секіру» (Т. Ломова)	Бірінің соңынан бірі жүру, қимылымен кіру қимылмен билеп жеңіл жүгіріп жүреді..
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Серуен» (М. Раухвергер) әуеніне ілесіп жүруді, жеңіл жүгіруді ұсынады. Балаларды отырғызып, ән тыңдауды ұйымдастыру. - Енді қуыршақ Сәулемен бірге ән тыңдаңдар. Музыка тыңдау. «Мұңды көңіл күй» (Г. Левкодимов) Музыканы тыңдап, созылыңқы әуеніне мән беру. Қуыршақ Сәуле бүгін көңілсіз екен, көңілін көтеру үшін ән айтып берейік Ән айту. «Қуыршақпен билейміз» (Ж. Тұрсынбаев, Е. Өтетілеуұлы Әннің мағынасын түсініп, жеке буындарды ересектермен қосыла айтуға үйрету. Қуыршақты ұстап, тербелу, бір орында айналу, аяқ топылдату т.б. қимылдарды көрсету, Қуыршақ Сәуле қашады, балалар қуады. – Ал қанекей қашыңдар, Аяқты тез басыңдар! Балаларды қуыршақ Сәуле қуған болады. – Балалар, Сәуле сендерді көңілді ойынға шақырып тұр. «Қуыршақпен ойын» ойыны («Қуыршақпен ойын» Б. Жүсібәлиев, «Ойын» Б. Дәлденбай) Балалардың көңіл күйіне қарай таныс ойын 2-3 рет қайталаңдар.	Әнді тыңдап, мағынасын түсіну, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересектермен қосылып ән айтуға дағдыландыру. Ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
Рефлексиялық түзетушілік:	- Бүгін бізге келген қонақтың аты кім? - Қуыршақ Сәуле сендерге рахмет айтады, тағы да қонаққа келіп, сендермен бірге ән салып, би билейді. Балаларды шығарып салады.	. Би қимылдарын ырғаққа сәйкес жасауға ұмтылады . Жұптарымен бірге қимылдайды.

Күтілетін нәтиже: Білу керек: достық туралы таныстыру. Игереді: әнді тыңдап, мағынасын түсінеді Меңгереді: Жұптасып билеуді меңгеру.

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: 15.09.2020.

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншықтарым («Көңілді сылдырмақтар»)

Мақсаты: Әуенді сезіне білуге, әннің мағынасын түсінуге баулу. Қолданылатын көрнекі

құралдар: бала санымен сылдырмақтар, нота хрестоматиясы.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Педагог балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, жеңіл жүгіруді ұсынады. «Жүгіру» (Т. Ломова).	Алдын ала шеңберге тұрайық, сазды - ырғақтық қимылдар жасайық.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Сылдырмақтар» (М. Раухвергер) Сөздік жұмыс: сылдырмақ. Сылдырмақтарды көрсетіп, балаларға үлестіреді. Қолымызда сылдырмақ, Сылдыр-сылдыр етеді. Аяғымыз топылдап, Өзі билеп кетеді. Педагог сылдырмақтармен би қимылдарын көрсетіп, қызығушылықтарын арттырады. Қайталап, бірге жасауларын сұрайды. Музыка тыңдау. «Жай жүру» (Р. Леденев) Әуен екінші рет орындалып, балаларды ортаға шақырады. Балалар қолдарын белдеріне қойып, зал ішінде «шашырап» тұрады. Әуеннің сипатына сай ырғақты сезіне орташа екпінде жүреді. Әуен ауысқанда балалар өздеріне жұп тауып, екеуден қол ұстасып, жай жүреді. Ән айту. «Қуыршақпен билейміз» (Ж. Тұрсынбаев, Е. Өтетілеуұлы) Тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп, әнді топпен орындауға үйрету. Ортада әлі ойын бар, Қане, шыға қойыңдар! Педагог балалардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында, көңілді ойын ұйымдастырады. «Көңілді ырғақ» ойыны (халық әні «Еркем-ай», өңдеген Б. Дәлденбай) Балалар әуен ырғағына сай қол шапалақтайды, аяқтарын топылдатады, бір орында айналады. Әуен соңында отыра қалады.	Сылдырмақпен бірқалыпты ырғақты ойын қимылдарын бере отырып қимылдар жасау; әннің сөздері мен жеке буындарды бірге айтуға үйрету. Ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру.
Рефлексиялық түзетушілік:	- Бүгін сендер қандай ойыншықпен ойнадыңдар? - Сылдырмақ сендерге ұнады ма? Балаларды мадақтап, мадақтау. Көңілді әуенмен шығарып салу.	.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: ойыншықтармен туралы таныстыру .

Игереді: сылдырмақпен би қимылдарын орындайды;

Меңгереді: әннің сөздері мен жеке буындарды бірге айтады;

Әдіскер: 

Өтілетін күні :22.09.2020/25.09.2020/29.09.2020/қайталау/

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : «Бақшадағы Жихаздар «Біздің аспаптар»

Мақсаты : Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру. Қолданылатын көрнекі құралдар: балалар аспаптары: сылдырмақ немесе бубендер, қасықтар, барабандар, нота хрестоматиясы.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балалардың бір-бірінің соңынан кіріп, шеңбер бойымен тұруын ұйымдастырады. «Марш» (Э. Парлов), «Барабаншылар» (Д. Кабалевский), «Бесік жыры» (С. Левидов). Әртүрлі жанрдағы пьесалар орындалып, балалар ырғағы мен сипатына сәйкес қимылдар жасайды, таныс әуен қимылдарын еске түсіреді. Ырғақты қимылдарды 2-3 рет қайталауға болады.	Балалар көтеріңкі көңіл күймен би қимылдарын еркін орындап, ырғақты сезіне билейді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Билейміз» (Е. Андосов) Музыка тыңдау. «Күн» (Т. Попатенко) Аспапта ойналған әуенді тыңдауға, әннің мазмұнына түсінік беру. Ән айту. «Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов) Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді. Әннің сөздері мен жеке буындарды анық айту, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айғайламай айтуды қалыптастыру. Таныс «Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев,) әнін еске түсіру, сипатына сай орындауға дағдыландыру. Педагог балаларды оркестрде ойнауға шақырады. Қалаған аспаптарын алуға мүмкіндік беру. Сөздік жұмыс: аспаптар. «Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова). Қасықтар, бубен және сылдырмақтарды қолданып, шулы аспаптар оркестрін ұйымдастыру. Әуенді тыңдап, аспаптарда кезекпен ойнауға және қосылып бірге ойнауға үйрету. - Аспаптарды аламыз, Қорапшаға саламыз!	Балалар ересектердің көрсетуімен билейді. Жұптасып қарама-қарсы тұрып, әуен ырғағымен қол шапалақтайды. Қолдарын белдеріне қойып, жеңіл тізе бүгіп «серіппе» жасайды. Екеуден қол ұстасып, айналады. Әуен аяқталғанда бір-біріне иіледі. Әннің көңілді сипатын, екпінін сезінуге, ажырата білуге дағдыландыру. аспаптың сүйемелдеуімен әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен орындауға және музыка сипатына сәйкес қозғалуға үйрету. Балаларға қуанышты көңіл күй сыйлау.
Рефлексиялық түзетушілік:	- Қандай аспаптарда ойнадыңдар? - Сылдырмақтың дауысы қандай? - Барабан қандай дыбыс шығарады екен? Бүгінгі күннің өте көңілді өткенін айтып, балаларды мадақтау. Көңілді қоштасып, шығарып салу.	. Балаларды ұқыптылықпен аспаптарды жинауға үйрет

Күтілетін нәтиже. Біледі: ойындарға және билерге қатысады, музыка сипатына сәйкес қозғалады;

Түсінеді: таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата біледі;

Игереді: әнді аспаптың сүйемелдеуімен әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен орындайды.

Әдіскер: *Анары Жанғалиева*

Өтілетін күні: 06.10.2020

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : «Менің отбасым ата -аналар еңбегі»

Мақсаты :Музыкалық шығарманы тыңдап қабылдауға айырмашылықтарын ажыратуға үйрету.Әуенге әсерлену ,ырғақтық ,динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке ,улкен –кішіге деген сыйластыққа баулу.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Жақсы көрем атамды »(Б. Бейсенова)әуеннің ырғағына еркін би қимылдарын жасайды.Би барысында секіртпелі қимылды,орын ауыстыру ,бір қырымен бір аяқты келесі аяққа соға секіру қимылдарын қадағалау (боковой галоп)	Балалар көтеріңкі көңіл күймен би қимылдарын еркін орындап,ырғақты сезіне билейді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Санамақ айтып ,көңілденуге шақырады. Отбасы туралы әңгімелесу. Туыстарына өлең тақпақ арнау. Ойын: «Менің туыстарым» Музыка тыңдау: Жақсы көрем атамды »(Б. Бейсенова)«Анашым» жаттығуында «а» дауысты дыбысын ауызды дөңгелете айту тәсілімен айтқызу,таза айтуларына көңіл бөлу. Ән үйрету: «Әжем менің айдай» .(И. Нүсіпбаев,О Әубәкіров) Әннің көңіл күйін сұрау,мағынасы , мазмұнын сұрау. Әуенді қимылды ойын «Отбасынды көрсет»	Шеңбер бойына тұрып, санамақты саусақтарымен көрсете сөздерін анықтап айтады. Ойын барысында өздері үйренген .білетін тақпақтарын,әндерін орындайды.Допты ептілікпен қағып алуға тырысады. Дауыс жаттығуларын орындайды. Дауысты дыбыстарды таза анық айтуға тырысады. Әннің ойнақы жүрдек екінін сезініп ,ән мазмұнын түсініп орындауға тырысады.
Рефлексиялық түзетушілік:	Көңілді қоштасып, шығарып салу.	.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: әнді әсерлі орындауды ,ырғақтық динамикалық белгілерді қолдану

Игереді :Ән мазмұнын тыңдап игере білді,.

Менгереді:Жұптасып билеудіменгеру.

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: 13.10.2020/16.10.2020

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : Менің көшем «Күн мен жаңбыр»

Мақсаты : Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу. Қолданылатын көрнекі құралдар: қолшатырлар, нота хрестоматиясы.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балаларды қолшатырмен қарсы алады. Ұнтаспада жаңбырдың дыбысы естіледі. Педагог: Тырс-тырс тамады, Жаңбыр көп жауады. - Балалар, серуенге шығайық. «Жүру» (Р. Рустамов) Педагог: Балалар, жаңбыр жауды, қолшатырға жүгіріңдер! «Жүгіру» (Р. Рустамов) әуені ойналып, тез, жеңіл жүгіріп қолшатырға жасырынады.	Балалар жай адымдап жүреді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Педагог: Балалар, жаңбыр толастады. «Марш» (Е. Тиличеева) әуені ойналып, балалар шеңбер бойымен жүріп, орындықтарға отырады. - Енді жайғасып отырып, ән тыңдайық! Музыка тыңдау. «Жаңбыр» (М. Миклашевская). топылдатууды үйрету. Ән айту. «Жаңбыр» (Д. Ботбаев, И. Сапарбаев) Таныс «Бала, бала, балапан» (И. Нүсіпбаев, Ж. Смақов) әнін үйренуді жалғастыру. Ән мазмұнына сай қимылдар жасау. Педагог балалармен ойын ұйымдастырады. Ойын «Серуен мен жаңбыр» (М. Раухвергер) Педагог: Балалар, мен сендерді көңілді серуенге шақырамын! Қол ұстасып алайық, Аяқты біз басайық! Жаңбыр жауса кенеттен Қолшатырға қашайық! «серуендеп» Ойын 2-3 рет қайталанады.	. Әуен екінші рет орындалғанда ырғағына сай балаларға қол шапалақтап, аяқ .Ән айтуға қызығушылықтарын ояту, ересектердің дауыс ырғағына еліктеп, қосылып айтуға баулу. Ойынға балалар санына байланысты 2-3 үлкен қолшатыр қолданыл Б бөлімі. Жеңіл, тез жүгіріп, қолшатырдың астына тығылып, жаңбырдан жасырынады. Тамшыларды бақылайды. ады. А бөлімі. Балалар екеуден қол ұстасып, асықпай зал ішінде жүреді.
Рефлексиялық түзетушілік:	Балалар, сендерге бүгінгі ойын ұнады ма? - Жаңбыр қалай жауады екен? - Біз қалай жүгірдік? - Аяқтарымызды топылдатып көрейікші. - Ал енді кім көңілді қол шапалақтай алады?	

Күтілетін нәтиже:..

Білу керек: қарапайым би қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарымен топылдатады); Игереді : қимылды-әуенді ойындарды әуенді сезіне орындайды; Меңгереді: үлкендермен қосылып ән айтады.

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: 20.10.2020

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» «Көңілді тамшылар»

Мақсаты; Жай және ойнақы әуеннің ырғақтарын ажыратуға баулу. Қолданылатын көрнекі құралдар: қолшатырлар, жаңбырлы күннің суретті, нота хрестоматиясы

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балаларды қолшатырмен қарсы алады. Үнтаспада жаңбырдың дыбысы естіледі. Педагог: Балалар, қолшатыр алып, серуенге шығайық. «Жүру» (Р. Рустамов).	. Балалар жай адымдап жүреді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Педагог: Балалар, жаңбыр жауды, қолшатырға жүгіріңдер! «Жүгіру» (Р. Рустамов) әуені ойналып, тез, жеңіл жүгіріп қолшатырға жасырынады. Педагог: Балалар, жаңбыр толастады. Енді отырып, ән тыңдайық! Музыка тыңдау. «Жаңбыр» (өндеген В. Фере). Аспапта ойналған әуенді тыңдап, ересектердің көрсетуімен саусақтарын тізелеріне соғып әуен ырғағына сай «тамшыларды» көрсетеді. Жаңбырлы күннің суреттерін көрсетіп, әңгімелеу. Ән айту. «Жаңбыр» (Д. Ботбаев, И. Сапарбаев) Әннің мазмұнын түсініп, топпен қосылып айтуға үйретуді жалғастыру. Таныс «Бала, бала, балапан» (И. Нүсіпбаев, Ж. Смақов) әнінің ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдыларын еске түсіру, қайталау. Балаларға таныс ойынды ұсыну. Ойын «Серуен мен жаңбыр» (М. Раухвергер) Әуен ойналып, қолшатырлар алып, жай жүреді. Педагог: Сескенбейміз жаңбырдан, Біз көңілді балдырған! Ойын 2-3 рет қайталанады, балалардың қызығушылықтарын арттыру.	Әннің сөзін тыңдап есіне сақтауға шумақ қайырмасының қимылдарын білуге тырысады. Әннің сөздері мен жеке буындарын дұрыс айтуға дағдыландыру. . Ойын шартын сақтап, ұйымшылдықпен қатысады.
Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог қорытынды жасайды. Балалардан, жаңбыр тамшылары және қандай ән үйренгені туралы сұрайды. Балаларға ризашылығын білдіріп, мадақтайды.	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасайды;

Игереді: әуеннің ырғақтарын ажыратады;

Меңгереді: әннің сөздері мен жеке буындарды айта алады;

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні:27.10.2020/30.10.2020

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі :Музыка

Тақырыбы : Алтын күз «Әдемі жапырақтар»

Мақсаты: Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: бала санына сәйкес түрлітүсті қағаздан жасалған күзгі жапырақтар; жеміс, көгөніс муляждары, күз көрінісінің суреттері, нота хрестоматиясы

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалардың кіруі. «Жүгіру және секіру» (Т. Ломова) Педагог: Жүгіреміз, жүгіреміз, Тоқтамайық, кәне, біз! Аяқ ұшымен жеңіл жүгіру. Педагог: Екі аяқты қосайық, Секіріп енді алайық! Екі аяқты қосып секіру.	Күзгі көріністі тамашалап қызықтайды.Қуана келісіп қатарласып ,марш екпінімен жүру.Күзгі көріністі тамашалап,әңгімелейді
Ұйымдастырушылық ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Педагог балалардың назарларын жапырақтарға аударады. Қызыл-сары жапырақтар, Алтындай жарқырайды. Жел соғып кенеттен Төгіліп құлайды.. «Күзгі жапырақтар биі» («Вальс» А. Жилин). Педагог балаларға түрлі түсті қатырма қағаздан жасалған күзгі жапырақтар таратып, биге шақырады. Үлкендердің көрсетуімен би қимылдарын қайталауды ұсынады. А бөлімі. Жапырақтарды жоғары көтеріп тербеледі. Б бөлімі. Зал ішінде еркін, жеңіл жүгіреді. Музыка тыңдау. «Балалар полькасы» (М. Глинка). Пьесаны тыңдап, ырғағын, сипатын сезінуге баулу. Ән айту. «Күз келді» (А. Досмағамбет). Жаңа әнді орындап, мағынасын түсіндіру. Күз көрінісінің суреттерін ұсынып, әңгімелеу. Әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға үйрету. Таныс «Жаңбыр» (Д. Ботбаев, И. Сапарбаев) әнін қайталап, еске түсіру, айғайламай топпен айтуға дағдыландыру. Педагог жемістер мен көгөніс түрлерімен көңілді ойын ойнауға шақырады. Ойын «Жемістерді жинау» («Ойын» Р. Шафағ) Шашылған жеміс пен көгөніс түрлерін атап көрсетіп, жинап, себеттерге салуға шақырады.	Фраза арасында дұрыс тыныс алуды үйренеді. Әнді нақышына келтіріп хормен және жеке дауыста орындайды. Себеттерді алайық, Жемістерді салайық! Көңілді әуен ойналып, жемістерді жүгіре басып себеттерге салады. Ептілік пен шапшаңдыққа баулу.
Рефлексиялық түзетушілік:	Бүгінгі серуен сендерге ұнады ма? - Бақтағы жапырақтардың түстері қандай екен? Балаларды мадақтап, қоштасып, шығарып салады. Балалардан сұрақ жауап алынады.	Ойын шартын сақтап,ұйымшылдықпен қатысады.

Күтілетін нәтиже: Біледі: би қимылдарын музыка әуеніне сәйкес ауыстырады;
Игереді: ересектің ән айтуына еліктей алады;
Меңгереді: әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен орындайды;

әдіскер: Асият Рамағалова 9.

Өтілетін күні: 03.11.2020

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : «Өзім туралы». «Биші аяқтар»

Мақсаты: Музыкалық-ырғақтық қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру.

Көрнекілік: : 6-7 кұрсау, нота хрестоматиясы.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	- Қане, қане, тұрайық, Шеңбер жасап құрайық! – деп, шеңбер бойымен тұрғызады. «Марш» (Б. Дәлденбай). Әуен ырғағымен шеңбер бойымен жүруге үйрету.	Балалар тізбектеліп көңілді музыкамен залға келеді. Амандасады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	«Етіктер» (орыс халық әуені, Т. Ломова). Педагог балалардың назарын музыка ырғағымен бір мезгілде қозғалысты бастау қажеттігіне аударады. Педагог өлең оқиды. Кел, балақан, кел енді, Ән тыңдайық біз енді, - деп, ән тыңдауға шақырады. Музыка тыңдау. «Полька» (Д. Кабалевский).. Ән айту. «Пойыз» әні (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек) Балалардың қалауы бойынша таныс әндерді жеке немесе топпен мәнерлеп орындау: «Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы), «Алақай» (Ө. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова). Педагог: Босқа қарап тұрмайық, Кел, балақан, ойнайық! Ойын «Кұрсау-кұрсау» (Ө. Байділдаев, М. Әлімбаев) Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, шеңберді кішірейту-үлкейту, отыру-тұру, қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрау. Әуен соңында алдын ала қойылған құрсауларға кіру.	Балалар екеуден қол ұстасып тұрады. Жұптасып, қол ұстаған күйде шеңбер бойымен жүреді. Балалар тоқтап, бір-біріне бұрылып тұрады. Қолдарын беліне қояды, аяқтарын топылдата басады. Балалар музыканы тыңдай білуді, шығармалардың сипатын ажырата білуді қалыптастыру. Екінші рет қайталанғанда әуенді шапалақпен, аяқты топылдатып, ырғағын сезіне қимылдар жасауға үйрету Әннің мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстарды жасауға, дауыстарына күш түсірмей, айғайламай айтуға дағдыландыру.
Рефлексиялық түзетушілік:	Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар. - Біз қалай қол шапалақтадық? - Аяқтарымызды қалай топылдаттық? Балаларды мадақтайды. Қоштасып, шығарып салады.	Балалар қоштасады .

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыкалық-ырғақтық қимылдарды бірге жасайды

Игереді: музыканы тыңдай біледі және оларға тән ерекшеліктерін ажыратады;

Меңгереді: . әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталайды;

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: 24.11.2020/30.11.2020

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылы

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : Біз қуштіміз , ептіміз. («Балақан мен алақан»)

Мақсаты: Таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтау, қайталау. Ән айтуға қызығушылықтарын арттыру, көтеріңкі көңіл күй сезімін ояту.

Көрнекілік: жалаушалар, түрлі түсті орамалдар, нота хрестоматиясы.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Билейміз» (Е. Андосов) әуенімен қарсы алып, сәлемдеседі. Үйренген би қимылдарын еске сақтауға, мәнерлеп орындауға үйрету.	Балалар әуенмен залға келеді. Жұптасып қарама-қарсы тұрып, әуен ырғағымен қол шапалақтайды.
Ұйымдастырушылық ізденістік	«Орамалмен билейміз» (Т. Сарыбаева) Музыка тыңдау. «Топ, топ, балақан» (М. Арынбаев, А. Асылбек, ұнтаспада). Әннің мазмұнына, сипатына көңіл бөлу, түсінік беру. Екінші рет тыңдалып, әннің мазмұнына сай қимылдарды көрсетіп, бірге қайталауын қадағалау. Мағынасына сәйкес шапалақтау, топылдату, қол білезіктерін айналдыру	Балалар шеңбер бойымен тұрады. Қызыл, жасыл, сары түстегі орамалдар таратылады. Әуен ырғағымен орамалды жоғары көтере, қозғап, аяқты топылдата жүру, бір орында айналу
	қимылдары жасалынады. Ән айту. «Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов). Ән айтуға қызығушылықтарын ояту, ересектердің дауыс ырғағына еліктеп, қосылып топпен айтуға баулу. «Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев) қайталау. «Соқ-соқ», «бір, екі, үш» сөздерін анық айтуға үйрету. Педагог балалармен ойын ұйымдастырады. Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулитын ойын шартымен таныстырады. Ойын «Қақпа» («Марш» Э. Парлов, «Жүгіру» Т. Ломова). «Марш» (Э. Парлов) ойналып, балалар жалаушалармен зал ішінде шеңбер бойымен аяқтарын топылдата нық басып жүреді. Әуен аяқталғанда тәрбиеші бір балаға жақындап, жалаушаларды түйістіре ұстап «қақпа» жасайды. «Жүгіру» (Т. Ломова) орындалғанда балалар кезекпен «қақпа» ортасынан жүгіріп өтеді. Ойын 2-3 рет қайталанып, «Марш» әуенімен аяқталады.	т.б. таныс қимылдарын көрсету. Әннің сөз тіркестерін ересектердің дауыс интонациясына салып айту дағдыларын қалыптастыру. Әннің мәтініне сай қимылдар жасау арқылы қиялдағы аспапта сүйемелдеу дағдыларын – «барабанда ойнауды» пысықтау.
Рефлексиялық түзетушілік:	- Балалар, сендерге бүгінгі ойын ұнады ма? - Бүгін көңілді әуен тыңдап, би биледіндер, өте жақсы ойнадыңдар, жарайсыңдар! – деп мақтайды, көңілді қоштасып, шығарып салады.	Балалар қоштасып ,шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже: Біледі:.. таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтайды; Игереді: педагогтің орындауындағы әндер мен пьесаларды тыңдайды, Меңгереді: әнді ересектердің дауыс интонациясына салып айтады.

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: 08.12.2020

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы: «Желбірейді жалауша»

Мақсаты: Өртүрлі ырғақты әннің мағынасын түсінуге баулу. Ұйымшылдыққа, бірзділікке, көппен бірге іс-әрекет жасауға тәрбиелеу.

Көрнекілік: жалаушалар, түрлі түсті орамалдар, нота хрестоматиясы.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Үнтаспада көңілді әуен ойналып, балаларға зал ішінде өз беттерінше еркін жүру ұсынылады. Педагог түрлі түсті жалаушалар таратып, балаларды көңілді серуенге шақырады. - Жалаушамен келеміз, Біз көңілді жүреміз, – деп, жалаушаны көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. «Марш» (Б. Дәлденбай	Балалар әуенмен залға келеді.. көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Жалаушамен жаттығу» («Қазақ маршы» А. Затаевич). Педагог жаттығудан соң балаларды отырғызып, ән тыңдауды ұсынады. Музыка тыңдау. «Марш» (Л. Шульгин). Шығарманы орындап, көңіл күйін, сипатын түсіндіру. Шапалақтау арқылы марш екпінін еске сақтауға үйрету. Ән айту. «Жалауша» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбаев). Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.. Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. Таныс «Наурыз» (А. Досмағанбет) әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау. Педагог балалармен ойын ұйымдастырады. Ойын «Құрсау-құрсау» (Ө. Байділдаев, М. Әлімбаев).. Әуен соңында алдын ала қойылған құрсауларға кіру. Таныс ойынның шарттарын еске түсіріп, белсене қатысуға үйрету.	. Жалаушаларды жоғары көтеріп «желбіретте» қозғау, шеңбер бойымен жүру, аяқтарын топылдата басу, жалаушаларды төмен-жоғары сермеу қимылдарын үйрету. Әуенді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді. Әннің мәтініне сәйкес жалаушаларды қозғау, қимылдарды бірге жасау. Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, шеңберді кішірейту-үлкейту, отыру-тұру, қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрау
Рефлексиялық түзетушілік:	. Педагог қорытынды жасайды. - Жалаушалар қандай түсте екен? - Қалай желбірейді? Балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді. Бүгінгі күннің көңілді болғанын айтып, мадақтап, қоштасады.	Балалар қоштасып ,шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бірзділікпен, көппен бірге іс-әрекет жасайды;

Игереді: өртүрлі ырғақты әннің мағынасын түсінеді;

Меңгереді: музыканың сипатына сай қимылдар жасайды;

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: 15.12.2020/19.12.2020

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу

қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : «Көңілді барабан»

Мақсаты: Пьесалардың әртүрлі формасының сипатына сай қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін (қатты-баяу) өзгертуге үйрету
Көрнекілік : балалар аспаптары: сылдырмақ немесе бубендер, қасықтар, барабандар, жалаушалар, нота хрестоматиясы.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Әуен «Марш» (Б. Дәлденбай) ырғағымен балалар залға кіреді. Аяқтарын нық қадам басып, марш екпінімен аяқтарын топылдата жүруге үйрету.	Балалар әуенмен залға келеді.. көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	«Марш» (Э. Парлов), «Барабаншылар» (Д. Кабалевский), «Бесік жыры» (С. Левидов). «Марш» ойналып, «Барабаншылар» әуені орындалып, балалар барабан аспабында ойнағандай қимыл-ишара жасайды. «Бесік жыры» ойнағанда балалар жүрелеп отырып, екі қолын оң жақ бетіне қойып, тынығып ұйықтағандай болады. Педагог балаларға орындықтарға жайғасып отыруды ұсынады. Музыка тыңдау. «Құлыншақтар шабады» (В. Витлин). Музыка тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, әуендерді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Ән айту. «Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев.). Барабан аспабында ойналуын көрсету. 5-6 балаға барабан аспабында ойнап, әнге қосылып, «сүйемелдеуді» ұсынады.	балалар шеңбер бойымен нық басып жүреді. Әуен тоқтағанда балалар да тоқтап, шеңбер ішіне бұрылып тұрады. Ырғақты қимылдар бірнеше рет қайталанатын. Таныс әндерге өз беттерінше еркін қозғалуға, табиғи дауыспен күш түсірмей ән айтуға үйрету, ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдей алады аспапта сүйемелдеу дағдыларын қалыптастыру
Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог қандай аспапта ойнағандарын, аспаптардың аталуын еске түсірулерін сұрайды. - Барабанды қалай соғамыз? - Сылдырмақ пен бубен қандай дыбыс шығарады? Бүгінгі билеріне, айтқан әндеріне ризашылығын білдіріп, мадақтау. Көңілді қоштасып, шығарып салу.	Балалар қоштасып ,шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже: Біледі: пьесалардың түрлі формасының сипатына сай қимылдарын ауыстыра алады; Игереді: әртүрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдау ережесін сақтайды;

Меңгереді: ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдей алады; (сылдырмақ, барабан, бубен)

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: 22.12.2020

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу

қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : «Қыс келді» «Алғашқы қар» Мақсаты: Музыкалық аспаптарда орындалған әртүрлі ырғақты, таныс әуендерді тыңдауға баулу. Ән айтуға қызығушылықтарын арттыру, көтеріңкі көңіл күй сезімін ояту. Қолданылатын көрнекі құралдар: бала санына «ақшақар» таяқшалар әшекейлер, қыс мезгілінің суретті көріністері. Аю, қояндар, түлкі атрибуттары, нота хрестоматиясы.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Үнтаспада әуен ойналып, педагог балаларды қарсы алады. Шеңбер бойымен қол ұстасып жұппен жүруге үйрету. «Экосез» (И. Гуммель)	Балалар әуенмен залға келеді.. Шеңбер бойымен қол ұстасып, айналып жүруге машықтандыру
Ұйымдастырушылық ізденістік	Педагог балаларды отырғызып, демалуды ұсынады. «Қысқы ойындар» иллюстрациясын көрсетіп, қыс мезгілі туралы түсінік беру, әңгімелеу. Табиғаттағы өзгерістерге көңілдерін аудару. Қараңдаршы далаға, Дала аппақ ақша қар. Тал мен үйлер далада Жамылыпты ақша қар. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Ақшақарлар биі» (үнтаспада, педагогтің таңдауы бойынша). Балаларға «ақшақарлар» - әшекейлер таратылады. Педагогтің көрсетуімен «ақшақарлардың» күрделі емес би қимылдарын - тербелу, бір орында айналу - «ұшуын», бір-бірінің артынан шеңбер бойымен жеңіл жүгіру - «қонуын» т.б. қимылдарын бірге жасауға үйрету. Музыка тыңдау. «Жаңа жыл - жаңа жыр» (А. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова) әнін орындап, мұқият тыңдауды сұрайды. Әннің көңіл күйін сұрап, жаңа жыл мерекесі туралы айтып түсіндіру. Ән айту. Жеке және топпен ән айту. «Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы) әнінің ырғағына еліктей отырып, ересекпен қосылып табиғи дауыспен орындауын қадағалау. Ән мазмұнына сай қимылдар жасауға жалғастыру. «Қоңыр қонжық» (Т. Сарыбаева) әнін еске түсіру, қайталау. Педагог балаларды көңілді ойынға шақырады. Балаларға қоян атрибуттары кигізіледі. Ойын «Қояндар мен қу түлкі» (Ж. Тезекбаев, И. Сапарбаев). Тәрбиеші – түлкі, балалар – қояндар рөлінде. Ойын шартын сақтап, әуендерді еске сақтауға,	Балалар әнінің ырғағына еліктей отырып, ересекпен қосылып табиғи дауыспен орындауын қадағалау. Ән мазмұнына сай қимылдар жасауға жалғастырады. Әуеннің екпінін сезіне жеткізу дағдыларын, әнді жеке және топпен айтады ; музыканың сипатына сай би қимылдарын орындайды

	ептілікке үйрету.	
Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог қорытынды жасайды. Балалардың белсенді қатысқанын ерекше айтып, мақтау. Ризашылығын білдіреді. - Сендер ән айтып, би билеп жақсы өнер көрсеттіңдер. Жарайсыңдар! Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу	Балалар қоштасып ,шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже: Біледі: музыканың сипатына сай би қимылдарын орындайды;
Игереді: музыкалық аспаптарда орындалған әртүрлі әуендерді тыңдайды;
Меңгереді: әуеннің екпінін сезіне, әнді жеке және топпен айтады;

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: 29.12.2020

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу

қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : «Қош келдің, Жаңа жыл»

Мақсаты: Қол шапалақтау және жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу секілді қарапайым би қимылдарының дағдыларын қалыптастыру. Балаларға мерекелік қуанышты көңіл күй сыйлау, шаттық сезіміне бөленуіне жағдай жасау. Қолданылатын көрнекі құралдар: бала санына «ақшақар» таяқшалар-әшекейлер, қыс мезгілінің суретті көріністері. Аю, қояндар, түлкі атрибуттары, нота хрестоматиясы.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Марш» (Б. Дәлденбай) ойналып, педагог балаларды қарсы алады. Марш екпінімен шеңбер бойымен адымдап жүруді ұсынады. Педагог балаларға Аязатаны қарсы аламыз деп түсіндіреді. - Аязата келеді, Тамашаны көреді. Риза болып қуанып, Бізге сыйлық береді. Педагог: «Бізге бүгін қонаққа Аязата келді (ойыншық). Ол бізге әдемі қоңырауларын ала келіпті. Осы қоңыраулармен би билейміз», – деп ортаға шақырады.	Балалар әуенмен залға келеді.. Шеңбер бойымен қол ұстасып, айналып жүруге машықтандыру .Балалар Аязатаны қарсы алады .
Ұйымдастырушылық ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Қоңыраумен би» (Е. Марченко). Әуеннің 1-бөлімінде балалар қоңырауларды сыңғырлата, шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді. 2-бөлімде бір орында тұрып, әуен ырғағымен қоңырауды сыңғырлатады, бір орында айналады. Педагог балаларды орындықтарға отырғызады. Аязтаның шырша тойындағы суреттері көрсетіледі.	Әнді тындап педагогтың көрсетуімен қимыл – қозғалыстарын қайталайды. Әнді ынталана тындап, мәтінін түсініп . сұрақтарға жауап беруге талпынады
	Бұл мерекедегі ең басты қонақты атап айтуларын сұрайды. Музыка тыңдау. «Аязата» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев) Әнді орындап, сипаты, мазмұны туралы айту. Көңілді ән екенін түсіндіру. Аязтаның түрін, киім үлгісі туралы тоқталып айту. - Енді Аязатаға ән айтып берейік, - деп ұсыныс айтады. Ән айту. «Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова) әнін орындап, мұқият тыңдауды сұрайды. Мазмұны туралы әңгімелеу. Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді. Екінші рет орындалғанда қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын сезінуге үйрету.. Ойын «Шыршамызды сәндейміз» («Полька» В. Косенко) Қауырсыннан жасалған ойыншықтарды шыршаға іліп, безендіруге, шапшаңдыққа, ептілікке үйрету	

Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог сұрақтар қойып, балалардың қызығушылығын арттырады. Жақын арада Аязтаның сыйлықтар алып келетінін айтады	«Шырша туралы білетін тақпақ өлеңдерін айтып, қуаныш сезіміне бөленеді. Балалар қуана келісіп қоштасады.
---------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже: Біледі: түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасайды;

Игереді: музыкалық шығарманың мазмұнын түсініп, көңіл күйін сезінеді;

Меңгереді: қарапайым би қимылдарының дағдыларын жасайды

Әдіскер: *Асият Қасымжанова*

Өтілетін күні: 26.01.2021/29.01.2021

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімдері :Музыка

Тақырыптары :«Ғажайып қыс» «Қысқы орманға саяхат»Мақсаты:.. Мазмұнды ойындар арқылы қызығушылықтарын арттыру.. Қолданылатын көрнекі құралдар: «паровоз» макеті, «қар үйіндісі», ойыншық қоян мен қонжық, қонжықтың үйшігі, нота хрестоматиясы

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог: Балалар, біз бүгін орманға саяхатқа барамыз. Орман өте алыста, – деп түсіндіреді. - Орманға жету үшін мына «Көңілді пойызға» отырайық, – деп, «паровоз» макетін көрсетеді. Марш (Э. Парлов) әуені ойналып, балалар «пойызға» отырады.	.Балалар, «Көңілді пойызға»отырады
Ұйымдастырушылық ізденістік	Ән айту. «Пойыз» әні (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек) әнін орындап, мұқият тыңдауды сұрайды. Мазмұны туралы әңгімелеу. Музыка тыңдау. «Нешеуміз?» (А. Тоқсанбаев, Е. Өтетілеуұлы) әнін айтып, мұқият тыңдауды ұсынады. Әнді орындап, сипаты, мазмұны туралы айту. Көңілді ән екенін түсіндіру «Орманда» жүріп, «қар үйіндісінің» жанында тығылып отырған қоянға кездеседі. Педагог ойыншық қоянды қолына алады. Педагог: Ақ қоян-ау, ақ қоян! Ұзын құлақ сақ қоян! Қаша берме орманға, «Қорқағым» деп ат қоям! — деп ұсыныс жасап, балаларға қоңыраулар таратады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Қоңыраумен би» (Е. Марченко) әуеніне ілесе би қимылдарын бірге жасау, таныс биді қайталау, еске түсіру. «Қояндар» (М. Раухвергер). Балаларға қоян сияқты әуен сипатына сәйкес шеңбер бойымен бір орында жеңіл секіруді ұсынады. Көңілді әуені орындалып, үйшіктен тәрбиеші - аю шығады. Аю: Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай. Омартаны көргенде, Бас қоямын ойланбай. (А. Асылбеков).. Ойын «Қояндар мен аю» («Қояндар», «Аю» Т. Попатенко) Қояндар мен аюдың атрибуттары, құрсаулар-«қояндардың індері». «Аю» кейіпкеріне бір бала тағайындалып, залдың бір шетінде ұйықтап отырады. Қалған балалар «қояндар» індеріне – құрсаулар ішіне кіреді. «Қояндар» әуені ойналып, зал ішінде	Балалар,әнінің мәтініне сәйкес би қимылдарын қайталады.. . Ән аяқталысымен балалар «көңілді пойыздан» түсіп, қысқы орманда «қыдырады». Балалар, әуенге ілесе өз еріктерінше би қимылдарын көрсетеді.Қояндар құрсаулардан шығып, жеңіл секіріп жүреді. Аюға ұсталып қалмас үшін тез жүгіріп ,құрсауларға жетуге асығады. Әнді тындап педагогтың көрсетуімен қимыл –қозғалыстарын қайталайды. Әнді ынталана тындап,мәтінін түсініп ,сұрақтарға жауап беруге талпыынады

	балалар секіріп, жүгіреді. Әуен тоқтап, «Аю» әуені орындалғанда, аю ұйқыдан оянады. «Қояндар» жүгіріп, індеріне қашады, ал «аю» оларды ұстап алуға тырысады	
Рефлексиялық түзетушілік:	Аю мен қоян балалармен қоштасып, өз үйшіктеріне «ұйықтауға» кететіндерін айтады. Педагог «көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «пойыз» балабақшаға оралады. Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.	.Балалар қуана келісіп қоштасады.

Күтілетін нәтиже: Біледі: күрделі емес қимылдар жасап, музыка сипатына сәйкес қозғалады; Игереді: әндерді таниды және дыбыстардың жоғарылығын ажыратуын; Меңгереді: мазмұнды ойындарға белсене қатысады .

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні:12.01.2021/15.01.2021

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : «Жануарлар әлемі» «Көжекке арналған мереке»

Мақсаты:Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану. Изеттілікке, кішпейілділікке тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: көжек ойыншық, нота хрестоматиясы. Сөздік жұмыс: көжек.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог «Марш» (Э. Парлов) әуенімен балаларды қарсы алады. Шеңбер бойымен тізбектеле жүруге үйрету. Шеңбер бойымен қол ұстасып, аяқты топылдата жүру.	Балалар әуенмен залға келеді.. Шеңбер бойымен қол ұстасып, айналып жүруге машықтандыру .Балалар Аязатаны қарсы алады .
Ұйымдастырушылық ізденістік	Педагог «Марш» (Э. Парлов) әуенімен балаларды қарсы алады. Шеңбер бойымен тізбектеле жүруге үйрету. Шеңбер бойымен қол ұстасып, аяқты топылдата жүру. 2. Негізгі кезең Педагог балалардың назарын ортада тұрған ойыншыққа аударады. Ойыншық орамалмен оралған, көзі, мұрыны, құлағы көрінбейді. Балалардан бұл қандай ойыншық екенін сұрайды. - Ұзын құлағы бар, Секіретін аяғы бар. Өзі қорқақ, Көзі бадырақ. Бұл не? (Қоян) - Балалар, бұл қоянның баласы – кішкентай көжек екен. Көжек аяздан тоңып қалыпты. Кәне, ойын ойнап, көжектің денесін қыздырып алайық! - деп ұсыныс айтады.. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.«Қояндар» (М. Раухвергер)... Музыка тыңдау. «Қояндар» (Е. Тиличеева). Ән айту. Педагог балаларға таныс әнді еске түсіруді ұсынады. «Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы). Әннің мәтініне сәйкес тәрбиешінің қимыл-қозғалысына қарап, би қимылдарын қайталайды, өз беттерінше билеуге талпынады. Таныс әнді қайталау, еске түсіру. «Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова) Педагог балаларға қояндардың атрибуттарын кигізіп, ойын шартымен таныстырады. Ойын «Қояндар мен қу түлкі» (Ж. Тезекбаев, И. Сапарбаев) ұйымдастырылады. Тәрбиеші – түлкі, балалар – қояндар рөлінде. Ойын шартын қадағалайды. «Түлкіге ұсталып қалмаңдар», - деп ескертеді. Ойын шартын сақтауға, әуендерді еске сақтауға, ептілікке үйрету	Балалар музыканың сипатына сай қимылдар жасайды, жаңа әндерді музыкалық-қимылдық жасайды ; ересектің дауысына еліктеп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, жеке сөздерді айғайламай айтады дағдыларын жетілдіреды , Балалар бір орында секіру қимылдарына дағдыландырады. Аяқ ұшымен жеңіл секіру, бір орында айналу, қол шапалақтау, қосаяқтап секіре басу т.б. таныс қимылдарды қайталайды. Музыка тыңдауға қызығушылықты және пьесаны тыңдау ережесін сақтауды қалыптастырды . Әннің сипатын, екпінін сезінуге, ажырата білуге үйренеді.

Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог қорытынды жасайды. - Көжекпен бірге ойнаған, билеген сендерге ұнады ма? Бүгінгі күндерінің өте көңілді болғанын айтып, мадақтайды. Көңілді қоштасып, шығарып салады.	«Шырша туралы білетін тақпақ өлеңдерін айтып, қуаныш сезіміне бөленеді. Балалар қуана келісіп қоштасады.
---------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже: Біледі: музыканың сипатына сай қимылдар жасайды;

Игереді: музыкалық шығармаларды тыңдау ережесін сақтайды;

Меңгереді: әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен орындайды;

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: 19.01.2021

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : «Құстар – біздің досымыз»

Мақсаты: Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану. Ізеттілікке, кішпейілділікке тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: Құстарды бақылау, түрлерін ажырату, құстарға ұя жасау.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Марш әуенімен кіріп , шеңбер бойымен тұруды ұйымдастырады. Қолымызды жаяйық Құстай қанат қағайық Үнтаспада «Жануарлар әлемі» әуені ойналып, құстардың қанат қағуын көрсете жеңіл жүгіруді ұсынады.	Маршпен шеңбер бойымен жүреді, аяқтарын нық басады. Құстардың қанатын көрсете, қолдарын екі жаққа созып, аяқ ұшымен жүгіреді. Бір орында айналады
Ұйымдастырушылық ізденістік	Музыка тыңдау: «Құстар жем шоқиды» Ән сипатын, мағынасын әңгімелейді. Е. Тиличеева. Ән айту: «Торғай» уйретіп дұрыс тыныс алуларына , дауыс ырғақтарына көңіл бөледі. А. Райымқұлова. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Мысық пен торғайлар» әнін орындап , әуенін уйрету. Орындау барысында ырғақтық ерекшеліктеріне тоқталу. Дидактикалық ойын: «Не қалай шақырады.?» (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек) . Балаларға қарға, көкек шымшық атрибуттары кигізіледі. Ән мазмұнына сәйкес құстар әндетіп ұшады.	Балалар әуен ырғағымен секіру, аттау қимылдарын көрсетеді, бірге жасайды. Отырып демалуға жайғасады. Құстар үнін естіп елендейді, қызығушылық пен тыңдайды. Дауыстарын ажыратып аттарын атап айтуға тырысады. Әнді тыңдап көкектің даусына бірге қосыла әндетеді. Әнді тыңдап, мағынасын түсінеді.
Рефлексиялық түзетушілік:	Құстарға қандай қамқорлық жасайсыңдар?	Қойылған сұрақтарға жауап беріп , құстарға жасаған өз қамқорлықтары туралы қызу әңгімелейді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканың сипатына сай қимылдар жасайды;

Игереді: құстар туралы біліп , мағлұмат алады

Меңгереді: әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен орындайды;

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: 05.01.2021

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Тақырыбы : «Айналамыздағы өсімдіктер» «Кішкентай шырша»

Мақсаты: Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдана білуге үйрету

Қолданылатын көрнекі құралдар: ойыншық 3 шырша, шырша ойыншықтары; бала санына сәйкес «ақшақар» таяқшалары, нота хрестоматиясы. Сөздік жұмыс: шырша

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог көңілді әуенмен балаларды қарсы алып, ойыншық шыршаны қарап, тамашалауға шақырады.	Маршпен шеңбер бойымен жүреді, аяқтарын нық басады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Ақшақарлар биі» (үнтаспада, педагогтің таңдауы бойынша). Би қимылдарының жеке элементтерін қолдануға үйрету. Педагог өлең оқиды. - Шыршамыз, шыршамыз, Ән тыңдайық баршамыз. Музыка тыңдау. «Шырша шамы жарқыра» (Л. Аитова) әнін орындап береді. Әннің сипаты, мазмұны туралы әңгімелейді. Шырша туралы қысқа әңгіме өткізу. Міне, біздің шыршамыз Қандай әдемі! Қызыл-жасыл алаулар Сәнге бөледі. Ән айту. «Біздің шыршамыз» (А. Есім). Әнді айтып, ән туралы әңгіме өткізу. Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді. Екінші ретінде тәрбиешінің көмегімен шыршаның айналасында мәтінге сай қимылдарды үйрету. Таныс әнін «Сұр қоян» (А. Филиппенко, өндеген К. Үбәнұлы) еске түсіру, қайталау. Педагог балаларға шыршамызды әсемдеп, безендірейік деп ұсыныс жасайды. Ойын «Шыршамызды сәндейміз» («Полька» В. Косенко). Ойыншықтар ілінген шыршаның көрнекілік суретін көрсету, әңгімелеу. Қауырсыннан жасалған ойыншықтарды шыршаға іліп, безендіруге, ептілікке үйрету	Балалар әуен ырғағымен секіру, аттау қимылдарын көрсетеді, бірге жасайды. Балалар, қолдарын жоғары көтереріп, қол білезіктерін айналдырады, аяқ топылданады, қол шапалақтайды, шеңбер бойымен шыршаны айналып жүруге машықтандырады. Ән мазмұнына сай қимылдар жасауын қадағалады,
Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог қорытынды жасайды. Ризашылығын білдіріп, бүгінгі күнді өте көңілді өткізгендерін айтады. Балалармен көңілді қоштасады.	Қойылған сұрақтарға жауап береді,

Күтілетін нәтиже: Біледі: би қимылдарының жеке элементтерін қолданады;

Игереді: баяу және көңілді әндер тыңдап, сипатын сезінеді;

Меңгереді: әннің ырғағына еліктеп, табиғи дауыспен қосылып орындайды.

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні:02.02.2021.

Лалагүл кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : «Ғажайыптар әлемі» «Қоңыр қонжық» Мақсаты: Әуеннің ырғағына, мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсете білуге баулу. Қолданылатын көрнекі құралдар: қоңыраулар, қонжықтың үйшігі, қонжықтың атрибуттары, қояндар мен аюдың атрибуттары, құрсаулар – «қояндардың індері», нота хрестоматиясы. Сөздік жұмыс: қонжық.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балаларды көңілді қарсы алып, ересектердің көрсетуімен бірге қимылдар жасуды ұсынады. «Жаттығулар» («Марш» Е. Тиличеева, «Экосез» И. Гуммель) Марш екпінімен аяқ топылдата жүру, әуен ауысқында зал ішінде шашырап жүгіру	Маршпен шеңбер бойымен жүреді, аяқтарын нық басады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Педагог балаларға қоңыраулар үлестіреді. - Қоңырауды соғайық Үнін естіп алайық, Дин-дон! Дин-дон! – деп қоңырауды қозғап, сыңғырлатып көрсетеді. Балаларға бірге қоңырауды сыңғарлатуды ұсынады. Педагог балаларды үйшік жанына шақырып, қоңыр қонжықты ұйқыдан оятып алуды ұсынады. - Әлдеқашан таң атты, Ұйықтап жатқан қонжықты Қоңыраулар оятты, – деп, қоңырауларын соғуды сұрайды. Балалардан «Қонжықтың мұрыны, құлағы, аяғы, көзі қайда?» - деп сұрап, көрсетулерін талап етеді. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Аюлар» (Е. Тиличеева) Музыка тыңдау. «Қоңыр аю қорбаңбай» (Б. Дәлденбай). Музыка тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, әуендерді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.. Ән айту. Қонжыққа арнап «Қоңыр қонжық» (Т. Сарыбаева) әнін орындап, тыңдауларын сұрайды. Педагог мазмұны туралы әңгіме өткізеді.. Ойын «Қояндар мен аю» («Қояндар», «Аю» Т. Попатенко) Қояндар мен аюдың атрибуттары, құрсаулар-«қояндардың індері». «Аю» кейіпкеріне бір бала тағайындалып, залдың бір шетінде ұйықтап отырады. Қалған балалар - «қояндар» індеріне – құрсаулар ішіне кіреді. «Қояндар» әуені ойналып, зал ішінде балалар секіріп, жүгіреді. Әуен тоқтап, «Аю» әуені орындалғанда, аю ұйқыдан оянады. Қояндар жүгіріп, індеріне қашады, ал аю оларды ұстап алуға тырысады.	Балалар әуен ырғағымен секіру, аттау қимылдарын көрсетеді, бірге жасайды. А бөлімі. Балалар қолдарын алға соза дөңгелете ұстап, аяқтарын топылдата басады. Б бөлімі. Бір орында аяқтарын нық баса «қорбаңдап» айналады Балаларға «қонжық» атрибуттары кигізіледі. Балалар шығарманың сипаты мен екпіні туралы айтып, аюдың қимыл-қозғалысын көрсетуді ұсынады

Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді. Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу	Балалар қуана келісіп қоштасады.
---------------------------	---	----------------------------------

Күтілетін нәтиже: Біледі: әуеннің ырғағына, мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсетеді;
Игереді: ойын шарттарын түсініп, белсене қатысады; Меңгереді: әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен жеке сөздерді айтады;

әдіскер: *Анары Рамағалова 9.*

Өтілетін күні:09.02.2021/12.02.2021

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : «Көліктер»

Мақсаты: Өнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдана білуге үйрету

Қолданылатын көрнекі құралдар көліктер бейнеленген таңбалауыштар. интербелсенді тақта,,нота хрестоматиясы. Сөздік жұмыс: Көліктер

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балаларды көңілді қарсы алып, ересектердің көрсетуімен бірге қимылдар жасуды ұсынады. «Жаттығулар» («Марш» Е. Тиличеева, «Экосез» И. Гуммель)	Марш екпінімен аяқ топылдата жүру, әуен ауысқанда зал ішінде шашырап жүгіру
Ұйымдастырушылық ізденістік	Музыка тыңдау: «Пойыз» К. Қуатбаев, Т. Тұяқбаев. – Балалар, тыңдайықшы, ненің дыбысы шығып жатыр! Балалар елеңдеп отырғанда педагог есік жаққа барып, үстіне доп және тіркемесіне (прицеп) даңғара тиелген үлкен музыкалық ойыншық машинаны алып кіреді: – Балалар, қараңдаршы, бізге қонаққа көңілді машина келді. Өзі әлі әндетіп отыр. Амандасайықшы, балалар! Сәлеметсіз бе, көңілді машина! Машина да көңілді белгі беріп амандасады. Жарайсыңдар, балалар! Көңілді машина сендермен бірге ән тыңдап, ән айтып, би билегісі келеді. Көңілді машина бізге суретін интербелсенді тақтаны қосып, машиналар мультфильмінен үзінді көрсетеді. Ән айту: «МАшина» К. Қуатбаев, Балалар, бәріңде машина бар ма? Қазір, балалар, машина туралы тақпақты және қимылды қайталаймыз (психогимнастика): – Машинам "түр" дейді (балалар қолдарымен "рульді" айналдырады), – Жүреміз "тұр" дейді (балалар қолдарын алдына жаяды). – Оталса машина (балалар қолдарымен "рульді" айналдырады), – Моторы "дүр" тыңдаймыз дейді (балалар қол білезіктерін сыртқа айналдырады).. Бәрекелді, балалар! Қандай керемет, мультфильм, қараңдаршы, балалар! Қандай машиналарды көріп отырсыңдар, балалар? Бәрекелді, балалар! Енді, әнді. Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды: – Әнде не туралы айтылады? Машина туралы. Балалар, машина қалай оталады екен? Балалар қолдарымен айналма қимыл жасай отырып, машинаның қалай от алатынын көрсетеді. - Тамаша, балалар! Т. Тұяқбаев. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Жай және жылдам» Е. Хасанғалиев	Балалар әуен ырғағымен секіру, аттау қимылдарын көрсетеді, бірге жасайды. Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды. Балалар қолдарымен айналма қимыл жасай отырып, машинаның қалай от алатынын көрсетеді. Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде адымды сол аяқпен бастап, 3-қадамға келгенде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Балалар музыкалық жетекшімен бірге машинаның дыбысы мен қимылдарын қайталайды

Рефлексиялық түзетушілік:	– Балалар, бүгін оқу қызметінде қандай ән тындадық? – "Машина" әнін. –Балалар, бүгін оқу қызметіне бәрің жақсы қатыстыңдар! Сендерге оқу қызметі ұнады ма? Тамаша! – Кәне, балалар, оқу қызметі де аяқталды! Біз де жақсы демалдық. Сау болыңыздар!	Қойылған сұрақтарға жауап береді,
---------------------------	---	-----------------------------------

Күтілетін нәтиже: Біледі: әуеннің ырғағына, мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсетеді;Игереді: ойын шарттарын түсініп, белсене қатысады;Меңгереді: әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен жеке сөздерді айтады;

Әдіскер: Арай Рахметова 9.

Өтілетін күні: 16.02.2021

Лалагүл кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : «Электроника әлемі» «Біздің аспаптар»

Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру. Қолданылатын көрнекі құралдар балалар аспаптары: сылдырмақ немесе бубендер, қасықтар, барабандар, нота хрестоматиясы. Сөздік жұмыс: аспаптар

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балалардың бір-бірінің соңынан кіріп, шеңбер бойымен тұруын ұйымдастырады. «Марш» (Э. Парлов), «Барабаншылар» (Д. Кабалевский), «Бесік жыры» (С. Левидов). Әртүрлі жанрдағы пьесалар орындалып, Ырғақты қимылдарды 2-3 рет қайталауға болады.	балалар ырғағы мен сипатына сәйкес қимылдар жасайды, таныс әуен қимылдарын еске түсіреді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Билейміз» (Е. Андосов). Музыка тыңдау. «Күн» (Т. Попатенко) Аспапта ойналған әуенді тыңдауға, әннің мазмұнына түсінік беру. Әннің көңілді сипатын, екпінін сезінуге, ажырата білуге дағдыландыру. Ән айту. «Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов) Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді. Әннің сөздері мен жеке буындарды анық айту, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айғайламай айтуды қалыптастыру. Таныс «Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев,) әнін еске түсіру, сипатына сай орындауға дағдыландыру. Педагог балаларды оркестрде ойнауға шақырады. Қалаған аспаптарын алуға мүмкіндік беру. «Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова). Қасықтар, бубен және сылдырмақтарды қолданып, шулы аспаптар оркестрін ұйымдастыру. Әуенді тыңдап, аспаптарда кезекпен ойнауға және қосылып бірге ойнауға үйрету. - Аспаптарды аламыз, Қорапшаға саламыз! Балаларды ұқыптылықпен аспаптарды жинауға үйрету.	Балалар ересектердің көрсетуімен билейді. Жұптасып қарама-қарсы тұрып, әуен ырғағымен қол шапалақтайды. Қолдарын белдеріне қойып, жеңіл тізе бүгіп «серіппе» жасайды. Екеуден қол ұстасып, айналады. Әуен аяқталғанда бір-біріне иіледі. Әуенді тыңдап, аспаптарда кезекпен ойнауға және қосылып бірге ойналып көреді . -
Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог сұрақтар қою арқылы балалардың қызығушылығын оятады. - Қандай аспаптарда ойнадыңдар? - Сылдырмақтың дауысы қандай? - Барабан қандай дыбыс шығарады екен? Бүгінгі күннің өте көңілді өткенін айтып, балаларды мадақтау. Көңілді қоштасып, шығарып салу.	Қойылған сұрақтарға жауап береді,

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ойындарға және билерге қатысады, музыка сипатына сәйкес қозғалады;

Игереді: таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата біледі;

Меңгереді: әнді аспаптың сүйемелдеуімен әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен орындайды.

Әдіскер: *Анастасия*

Өтілетін күні: 23.02.2021/26.03.2021

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі :Музыка

Тақырыбы : «Мамандықтың бәрі жақсы» «Сүйікті анашым»

Мақсаты:Кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Қолданылатын көрнекі құралдар: Ана мен балалар бейнеленген суреттер, гүлдер, құрсаулар, нота хрестоматиясы. Сөздік жұмыс: анашым.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балаларды ұнтаспадан орындалған (педагогтің таңдауымен) көңілді әнімен қарсы алады. Әуенге жеңіл секіру, шапалақтау, кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып аяқ топылдату, Вальс(Шуберт. «билеп үйренейік» жинағынан)	Балалар .шеңбер бойымен бір орында, шашыраңқы топылдатып жүру қимылдарын орындау ұсынады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Педагог балаларға гүлдер таратып беріп, көңілді би билеуге шақырады. Көктем күні көрікті, Қырға гүлдер шығыпты. Анамызға біз арнап, Би билейік көңілді! Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Көктем гүлдері» («Вальс» Қ. Шілдебаев) ойналып, би элементтерін қайталауларын бақылайды. Би қимылдарын көрсетіп, балаларға бірге қозғалып, қайталауға үйрету. Педагог балаларға отырып демалып, ән тыңдауды ұсынады. Әуенді тыңдау ережесін қалыптастыруға назар аударады. Музыка тыңдау. «Айналайын ақ мамам» (И. Нүсіпбаев, Ә. Табылдыев) Анашым, анам, Еркелейді балаң. Анашым, анам, Құшағыма алам! Әнді орындайды, кім туралы екенін сұрайды. Аналары мен балалары бейнеленген суретті көрнекілік көрсетеді. Аналардың балаға деген сүйіспеншілігі туралы әңгімелеу. Сөздік жұмыс: анашым. Ән айту. «Менің анам» (Л. Аитова) әнін орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Қайталап орындағанда балалардың «ля-ля» буынына әндете бірге қосылуын қадағалайды. Бірге бастап, дауысына күш түсірмей ән салуларын қадағалауОйынға белсене қатысуларын қадағалау. Ойын «Құрсау-құрсау» (Ө. Байділдаев, М. Әлімбаев). Балаларға ойын шарты түсіндіріледі. Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, шеңберді кішірейту-үлкейту, отыру-тұру, қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрау. Әуен соңында алдын ала қойылған	Гүлдермен би қимылдарын нәзік,жеңіл орындайды. Гүлдердің әсемдігін қимылмен жеткізуге тырысады. Атақты суретшілердің еңбектерін тамашалап, эмоциялық бейнелерін салыстырады, әңгімелейді. Мимика мен көрсетіп бетәлпетті өзгерте көңіл күй түрлерін көрсетеді.

	күрсауларға кіру.	
Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог: Анамызға арнап қандай ән үйрендік? Бүгінгі күннің көңілді болғанын айтып, мадақтап, қоштасады. Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу	Қойылған сұрақтарға жауап береді,

Күтілетін нәтиже: Біледі: музыка сипатына сәйкес қозғалады;

Игереді: иллюстрация және әңгіме бойынша кейіпкерлерді ажыратады;

Меңгереді: созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айтады,

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: 02.02.2021

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі :Музыка

Тақырыбы : «Қазақстан халықының салттары мен дәстүрлері» «Әлди-әлди, ақ бөпем»

Мақсаты: Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу. Қолданылатын көрнекі құралдар: қуыршақ, бала санымен «гүлдер», қызыл, жасыл, сары түстегі орамалдар, бесіктегі ұйықтап жатқан сәби мен анасының суреті. Сөздік жұмыс: әлди-әлди.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог «Марш» (Э. Парлов) әуенімен балаларды қарсы алады. Шеңбер бойымен тізбектеле жүруге үйрету.. Педагог балаларды қуыршақ Сәулемен таныстырады, амандасады. Қуыршақ Сәуле сендермен бірге көңіл көтергісі келеді.	. Балалар шеңбер бойымен қол ұстасып, аяқты топылдата жүру
Ұйымдастырушылық ізденістік	Педагог: Балалар, қуыршақ Сәулеге ән айтып берсек, жақсы ұйықтайды. Сендер де бірге мұқият тыңдаңдар! – деп ескертеді. Музыка тыңдау. «Бесік жыры» (педагогтің таңдауы бойынша ұнтаспадан) ұнтаспадағы пьесаны тыңдап, оларға тән ерекшеліктерді ажырата білуге баулу. Сурет көрсетіп, әңгімелеу. Педагог ұйықтап жатқан қуыршақты көрсетіп: - Балалар, қараңдаршы, қуыршақ ұйықтап жатыр. Оянып кетпесін. Біз оны бесігіне жатқызайық. Әлди-әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат бөпем. Әлди-әлди, бөпешім, Ұйықтай қойшы, көкешім. Ән айту. «Ұйықта, бөпем» (Қ. Шілдебаев, А. Асылбек) Ұйықтап жатыр дамылдап, Әлди, әлди, әлди-ай, – деген жеріне келгенде дауысты бәсеңдетеді. Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Қуыршағымыз әлі ұйықтап жатыр. Сәулел ұйқысынан тұрсын, тез оятып алайық. «Көктем гүлдері» биі («Вальс» Қ. Шілдебаев). Педагогтің көрсетуімен би қимылдарын жасайды. Педагог қуыршақ Сәулені көңілді ойынға шақырайық деп ұсыныс жасайды. Ойын «Өз жұбыңды тап» («Лили полька» Тен Чу) Қызыл, жасыл, сары түстегі орамалдарды қолданып, таныс ойынның шарты бойынша ептіліктерін көрсетіп белсене қатысуын қадағалау.. Балалардың	балалар «әлди-әлди» сөзін қайталап айтады ,асықпай, ақырын бірге қосыла айтуды ұсынады. Гүлдерді жоғары көтеріп тербеледі, бір орында айналады, шеңбер бойымен гүлдерді қозғай жеңіл жүгіреді. Әуен соңында тізе бүгіп, отырады . Балалар «әлди-әлди» әуеніне қосылып, қуыршақты «ұйықтатады». Ақырын басып, музыка залынан шығады Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысында шығарманы тыңдап алған әсерлерін ортаға салып әңгімелейді.Әнді орындау барысында сөздерін анық айтып бірге бастап бірге аяқтау

	көңіл күйіне қарай отырып, ойынды қайталайды.	
Рефлексиялық түзетушілік:	Үнтаспада «Әлди-әлди» әні қойылып, қуыршақ Сәулені ұйықтатып, бесігіне жатқызу керектігін айтады.	Балалар қуана келісіп қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі; таныс қимылдарды қайталайды, жасайды;

Игереді: үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдайды, түсінеді;

Меңгереді: ересектердің дауысына еліктеп топпен ән айтады,

әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: 09.03.2021-12.03.2021

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : «Ертегілер елімде Театр әлемі» «Ала мысық»

Мақсаты: . Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану Қолданылатын көрнекі құралдар: Қолданылатын көрнекі құралдар: ойыншық мысық, мысықтың басқа киетін атрибуттары, күшіктің суреті, нота хрестоматиясы. Сөздік жұмыс: ала мысық

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балалардың көңілді әуен ырғағына «Марш» (Ю. Соколовский) аяқтарын топылдата, нық басып жүрулерін қадағалайды. Педагог балаларды ойыншық мысықпен қарсы алады. Балалар, бүгін бізге ала мысық қонаққа келді: Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады. Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады.	.Балалар шеңбер бойымен қол ұстасып, аяқты топылдата жүру
Ұйымдастырушылық ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Мысықай мен мысық» (К. Қуатбаев, А. Асылбек). - Біз де ала мысық сияқты жүріп көрейікші, – деп, шеңбер бойымен мысықтың жүрісін, қимылын салып жүруді ұсынады. Педагог: Ала мысық айлалы, Дыбыстайды ол қалай? – деп сұрайды. Балаларға «мияу-мияу» деп қайталату. Педагог балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Мысықты орындық үстіне отырғызады. - Ала мысық та сендермен бірге ән тыңдасын, – деп ән тыңдауға шақырады. Музыка тыңдау. «Мысықай» (В. Витлин) Музыка тыңдау ережесіне баулу. Әуеннің сипатын сезінуге, баяу екпінін ажырата білуге үйрету. Ән айту. «Мысық» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев) Ойыншық мысықты көрсетіп, мысықтың сүйкімді үй жануары екені туралы түсіндіру. Педагог балаларға күшіктің суретін көрсетіп, қандай жануар екенін, қалай дыбыстайтынын сұрайды. Таныс ән «Күшігім» (Т. Исалиев, М. Ерімбетов) орындап, бірге қосыла айтуды ұсынады. Балаларды көңілді ойынға шақыру. Ойын «Үйшігінді тап» (Т. Сарыбаева). Балаларға күшіктің атрибуттары кигізіледі. - Шеңбер болып жүрейік, Әуен ойнап болған соң, Үйшікке біз кірейік, - деп балаларға ойын шартын	Балалар ән-ойынның мазмұнына сәйкес қимылдар жасап, шеңбер бойымен аяқ топылдатып жүру. Балалар әуен ырғағымен секіру, аттау қимылдарын көрсетеді, бірге жасайды. Отырып демалуға жайғасады Әнді тыңдап, мағынасын түсінеді. Дауыс жаттығуын айтқанда дұрыс алу, әндете созу, дыбыс ұзақтылығын сақтайды.

	естеріне түсіреді. («Үйшік» орнына 5-6 құрсау қойылады). Ән-ойынның мазмұнына сәйкес қимылдар жасап, шеңбер бойымен аяқ топылдатып жүру. Әуен тоқтағанда, құрсауларға кіру. Ойын 2-3 рет қайталаынады.	
Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог қорытынды жасайды. - Ала мысық қалай дыбыстайды екен? Дауыстарын салған балаларды мадақтайды. Қоштасып, балаларды шығарып салады	Балалар қуана келісіп қоштасады.

Күтілетін нәтиже: Біледі; әуеннің басталуы мен аяқталуын ажыратады; Игереді: түрлі жанрлы музыкалық шығарманың мазмұнын түсінеді; түсінеді; Меңгереді: әнді жеке және топпен орындайды;

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: 16.03.2021

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : «Өнер көзі халықта»

Мақсаты: Балаларға наурыз мерекесі туралы түсінік беру Қолданылатын көрнекі құралдар:

Наурыз мерекесінің көрінісі, көктем суреттері, ойынға қажетті атрибуттар – ойыншық аттар, нота хрестоматиясы.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка залында дөңгелек үстел жанында әже (тәрбиеші) балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады. Жайдарымыз бәріміз, Дастарқанда дәміміз. Көжесі көп, қыры көк, Қандай жақсы наурыз!	Балалар ,әуенге жеңіл секіру, шапалақтайды , кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қойып жүреді,
Ұйымдастырушылық ізденістік	Әже: Балалар, Наурыз мерекесі жақындап келеді. Наурыз айы келгенде күн жылынады, ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырып өседі. Барлық адамдар наурыз мерекесін қуанып қарсы алады. Біз де көңілді би билеп, мерекеге дайындалайық. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Қамажай» (үнтаспада, халық әні) – үлкендердің көрсетуімен қыздар қазақ ұлттық биінің қарапайым түрлерін бірге қайталап жасайды. Ұлдарға «Тұлпарым» (үнтаспада, Б. Бейсенова) әнінің ырғағына қарапайым би қимылдарын үйрету. Музыка тыңдау. «Наурыз келді» (Н. Дүкенбаев, Қ. Смағұлов) әнін орындап, мазмұнына түсінік беру. Ән айту. «Наурыз» (А. Досмағанбет). Педагог әнді орындайды, мазмұны туралы әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді. Әннің мәтініне сәйкес 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында бірге қол шапалақтайды. 2-шумағында балалар бір орында тұрып тербеледі. Таныс ән «Менің анам» (Л. Аитова) – қайталау, еске түсіру. Әндегі қайталанатын тіркестерді анық айтуға, бірге бастап, бірге аяқтауға жалғастыру. Топпен және жеке орындауға дағдыландыру. Педагог балаларға ойыншық аттарды көрсетіп, ойын шартымен таныстырады. Ойын «Бәйге» («Қара жорға» халық күйі, өндеген Л. Хамиди) Балалар кезекпен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Бірінші жеткен бала жеңімпаз «шабандоз» болып	Балалар әуен ырғағымен секіру, аттау қимылдарын көрсетеді, бірге жасайды. Отырып демалуға жайғасады Әнді тыңдап, мағынасын түсінеді. Дауыс жаттығуын айтқанда дұрыс алу, әнде те созу, дыбыс ұзақтылығын сақтайды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысында шығарманы тыңдап алған әсерлерін ортаға салып әңгімелейді. Әнді орындау барысында сөздерін анық айтып бірге бастап бірге аяқтау Балалардың көңіл күйіне қарай отырып, ойынды қайталайды

	есептеледі.	
Рефлексиялық түзетушілік:	Әже балаларға ризашылығын білдіреді, мақтайды. Наурыз мерекесін бірге тойлауға шақырады. Жақсы ән салып, билегендері үшін алғысын білдіреді. Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.	Балалар қуана келісіп қоштасады.

Күтілетін нәтиже: Біледі; күрделі емес қойылымдар, би қимылдарын қайталайды
Игереді: наурыз мерекесі туралы түсінеді; Меңгереді: ересектердің дауыс интонациясына салып ән айтады

әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: 26.03.2021/30.03.2021

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу

қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка. Тақырыбы: «Нұр төккен, гүл көктем»

Мақсаты: Педагогтің аспапта орындауындағы пьесаларды тыңдау дағдыларын қалыптастыру. Қолданылатын көрнекі құралдар: таяқшаға байланған түрлітүсті ленталар, көктем мезгілі мен күнді бейнелейтін көрнекілік-суреттер, «көңілді күн» смайлдері, нота хрестоматиясы. Сөздік жұмыс: шуақты күн..

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балаларды ұнтаспадан орындалған (педагогтің таңдауымен) көңілді әнімен қарсы алады.. Күннің көзі ашылды, Алтын нұры шашылды! Аспанымда алтын күн, Жарқырайды, жайнайды! Педагог балалардың назарын күнге аударып, жылу, қуаныш сыйлайтыны туралы әңгімелейді.	Балалар әуенге жеңіл секіріп, шапалақтап, кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қояды, орнында тұрып аяқ топылдатайды, шеңбер бойымен бір орында, шашыраңқы топылдатып жүріп қимылдарын өз еркінше билеп жатыр,
Ұйымдастырушылық ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Жай жүру» (Р. Леденев) Әуеннің ырғағына сәйкес зал ішінде «шашырап» жүру. Әуен ауысқанда екеуден қол ұстасып жай жүру. Әуен 2 рет қайталанып, Музыка тыңдау. «Көктем» (Л. Аитова). Көктем мезгілі сурет көрсету, әңгімелеу. Аспапта ойналған әуенді тыңдауға, әннің мазмұнына түсінік беру. Ән айту. «Наурыз» (А. Досмағанбет).. Әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға жалғастыру. Топпен және жеке орындауға дағдыландыру. «Менің анам» (Л Аитова) үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау. Педагог балалармен ойын ұйымдастырады. Ойын «Кұрсау-кұрсау» (Ө. Байділдаев, М. Әлімбаев). Әуен соңында алдын ала қойылған құрсауларға кіру. Таныс ойынның шарттарын еске түсіріп, белсене қатысуға үйрету.	балалар әуенге ілесе жай екпінде жүреді. Әннің мәтініне сай мәнерлі қимыл-қозғалыс жасап жатыр, Әннің көңілді сипатын, екпінін сезінуге, ажырата біледі. Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, шеңберді кішірейту-үлкейту, отыру-тұру, қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрау.
Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог қорытынды жасайды. Көктем және күн туралы сұрау, ән-би әрекеттерін естеріне түсіріп, балаларды мақтау, мадақтау. Соңында күн - «көңілді смайлдер» сыйға тарту. Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу	Балалар қуана келісіп қоштасады.

Күтілетін нәтиже: Біледі; үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталайды; Игереді: аспапта орындалған пьесаларды тыңдайды; Меңгереді: табиғи дауыспен, күш түсірмей ән айтады.

Әдіскер: *Асият Жантөле*

Өтілетін күні:06.04.2021

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : «Аялайық гүлдерді»

Мақсаты: Көктем мезгілі туралы түсінік беру; әуенді сезіне білуге баулу. Қолданылатын көрнекі құралдар: Қолданылатын көрнекі құралдар: : себеттер, түрлі түсті қауырсын гүлдер, құстардың, гүлдердің суреттері-иллюстрациялар, нота хрестоматиясы. Сөздік жұмыс: алаңқай.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар ұнтаспадан орындалған (педагогтің таңдауымен) көңілді әнімен залға кіреді. Педагог балаларды себет толы қызғалдақтармен қарсы алады. Балаларға гүлдерді таратып береді. - Гүлді қолға алайық, Алаңқайға барайық! – деп қалағанынша гүлдерді ұстап, қызықтап көруге мүмкіндік береді.	Балалар шеңбер бойымен қол ұстасып, аяқты топылдатып жүреді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Қ. Шілдебаев) ойналып, балаларды гүлдермен биге шақырады. Көктем күні көрікті, Би билейік көңілді! Педагог би қимылдарын көрсетіп, балалардың қайталап бірге билеулерін қадағалайды. Педагог көктем туралы және құстардың, гүлдердің суреттерін көрсетіп, әнге өткізеді. Музыка тыңдау. «Құстар ұшады» (А. Жилин) педагогтің орындауындағы пьесаны тыңдап, сипаты мен екпініне балалардың назарын аудару. 63 Педагог: Балалар, аналарымызға арнап жаттаған әндерімізді қайталайық. Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып, топпен және жеке орындауға дағдыландыру. Ән айту. «Менің анам» (Л. Аитова) әнін үйренуді жалғастыру, қайталау. Әндегі қайталанатын тіркестерді анық айтуға, бірге бастап, бірге аяқтауға бекіту. «Ұйықта, бөпем» (Қ. Шілдебаев, А. Асылбек) – әнін қайталау, еске түсіру. Топпен және жеке орындауға дағдыландыру. Педагог көктем гүлдерінің әдемілігі мен түстері туралы айтады. Ойын «Гүлдер тереміз» («Полька» М. Красев) Ойын шартын түсіндіреді. Көңілді әуен ырғағымен шашылған гүлдерді түстеріне сәйкес себеттерге бөліп жинау. Ептілік пен шапшаңдыққа, түстерді ажыратуға, ұйымшылдыққа баулу.	Балалар әуен ырғағымен секіру, аттау қимылдарын көрсетеді, бірге жасайды. Отырып демалуға жайғасады Әндегі қайталанатын тіркестерді анық айтуға, бірге бастап, бірге аяқтауға бекіту. Әнді тыңдап, мағынасын түсінеді. Дауыс жаттығуын айтқанда дұрыс алу, әнде те созу, дыбыс ұзақтылығын сақтайды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысында шығарманы тыңдап алған әсерлерін ортаға салып әңгімелейді. Әнді орындау барысында сөздерін анық айтып бірге бастап бірге аяқтау Балалардың көңіл күйіне қарай отырып, ойынды қайталайды

Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог қорытынды жасайды. - Гүлдердің түстері қандай екен? - Гүлдерді кімге арнап жинадыңдар? - Құстар қалай ұшады екен? т.б. сұрақтар қою арқылы қортындылау. Балаларды мадақтап, шығарып салады.	Балалар қуана келісіп қоштасады.
---------------------------	---	----------------------------------

Күтілетін нәтиже: Біледі; қарапайым би қимылдарын әуенді сезіне жасайды;
Игереді: әнді бірге уақытында бастап және аяқтауды;
Меңгереді: ойындарға және билерге белсене қатысады.

Әдіскер: *Асият Жамалова*

Өтілетін күні: 13.04.2021/16.04.2021

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу

қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Ас атасы нан» «Ақ әжем». Мақсаты: Кейіпкерді әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Әжеге деген сүйіспеншілік, ізеттілік сезімдеріне, құрметтеуге тәрбиелеу Қолданылатын көрнекі құралдар: қызыл, сары, жасыл түсті орамалдар және құрсаулар, ойыншықтар балапандар мен тауықтар, үй жануарлары мен құстар туралы суреттер, суретті нота хрестоматиясы. Сөздік жұмыс: шөжелер.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балаларды қарсы алып, әжеге қонаққа баратындарын айтады. Әжемізге құлыншаққа отырып барамыз деп ұсынады. «Тұлпарым» (үнтаспада, Б. Бейсенова) әнінің әуеніне ілесіп, құлыншақтың шабысын үлкендердің көмегімен қайталайды	
Ұйымдастырушылық ізденістік	Әже кейіпкері ретінде тәрбиеші орамал тағып, қамзол киіп шығады. Сәлемдесу. - Әжем келді, балақай, Алақай-ау, алақай. Әже бары жақсы ғой, Қуанышты балақай! Музыка тыңдау. «Қамажай» (халық әуені, өңдеген Н. Меңдіғалиев) Әуенді аспапта орындап, сипатына балалардың көңілдерін бөлу. Ән айту. «Кел, балақан» әнін (К. Қуатбаев, А. Асылбек,) орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.. Ән қайталанғанда, балаларға жай және қатты шапалақтауды, ырғақпен қосыла қимылдауға машықтандыру. Әжеге «Пойыз» әнін (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек) айтып беруді ұсыну, қайталау. Педагог: Әжеміздің ауласында не бар екен? Әже ойыншық балапандар мен тауықтарын көрсетеді. Ауласындағы басқа да үй жануарлары, құстары туралы әңгімелейді, суретті көрнекіліктерді көрсетеді. Тауықтың шөжелерімен таныстырып, бірге билеуге шақырады. Мамық үнді шөжелерім, Нәзік үнді шөжелерім... Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Шөжелерім» (өзбектің халық әні, үнтаспада). («Би билейміз» жинағынан). Ойын «Өз жұбыңды тап» («Лили полька» Тен Чу) Педагог балаларға қызыл, жасыл, сары түстегі орамалдарды көрсетіп, түстерін ажыратып, атап айтуларын сұрайды.	Балалар би қимылдарын бірге қайталайды. Әннің мәтініне сай үлкендердің көрсетуімен би қимылдарын жасау. Балалар әуен ырғағымен орамалды жоғары көтере қозғап, аяқты топылдата жүреді, бір орында айналу т.б. таныс қимылдарын жасайды.

	Ойын шартын мұқият түсіндіреді. Өуен тоқтағанда орамал түстеріне сәйкес құрсауларға бөлініп тұруға үйрету.	
Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог сұрақтар қойып, балалардың қызығушылықтарын арттырады. Қоштасып, «құлыншаққа мініп», топқа қайтуды ұсынып, музыка залынан шығарып салуды ұйымдастыру	Балалар қуана келісіп қоштасады.

Күтілетін нәтиже: Біледі; әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталайды;
Игереді: кейіпкерді әңгіме бойынша танып, ажыратады;
Меңгереді: әнді уақытында бастайды және аяқтайды;

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: 20.04.2021

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» (Әдемі көбелек) Мақсаты. Музыкалық шығарманы тыңдап, эмоциямен қабылдауға; дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратып, музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу; қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақты сезіне жеңіл билеуге үйрету. Көрнекіліктер: себетке салынған гүл шоқтары, сымға қондырылған қағаздан жасалған көбелек, нота хрестоматиясы

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Балаларға гүлдер алып, би билеуді ұсынады. «Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская) (қайталау). Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл, еркін қимылдауларын қадағалайды.	Балалар музыка әуенімен жүреді, жүгіреді. ертегі туралы білгендерін айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену	Педагог сымға қондырылған көбелекті «ұшырып» әкеледі. Үнтаспада вальс ойналып, көбелек сымын ырғақпен қозғайды. Көктем қандай көрікті, Балақайлар көріпті. Дала гүлге толыпты, Көбелек гүлге қоныпты! – деп, көбелекті гүлдерге қондырады. – Балалар, біздің бақшамызға әдемі көбелек ұшып келді. Қандай әдемі көбелек! Қанаттары құлпырып, көз тартады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық. Музыка тыңдау: «Вальс» (үнтаспадан муз. жетекшісінің таңдауымен).. Ән айту: «Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбек) Педагог әнінің 1-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда мәтініне сәйкес тәрбиешімен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды.– Балалар, көбелектер қалай ұшады? Олардың қанаттары қалай созылады екен? – Ал енді көбелектер сияқты би билеп үйренейік. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көбелек» (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан). Әуенге ілесе би қимылдарының мәнерлі, жеңіл орындалуын қадағалау. «Гүлзардағы көбелектер» ойыны (музыкасы педагогтің таңдауымен).. «Вальс» ойналып, ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен тоқтағанда көбелектер гүлдерге «қонады».	Балалар музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Әуенді тыңдап, қызығушылықтары артады Балалардың қызығушылығын арттыруға ықпал ету. Ойын қайталанғанда, өз еріктерімен ойнауға мүмкіндік береді. Көбелек-ау, көбелек, Ұшасың сен көлбеңдеп. Қызыл, жасыл керемет Гүлге қоншы, көбелек! – деп балаларды ойынға шақырады
Рефлексиялық түзетушілік:	– Қандай көбелектер бар екен? Көбелектердің жеңіл вальс әуенімен	Балалар топтарына тарайды.

	билегенін, үйренген әннің көңілді сипатта екенін еске түсіреді. Залдан әуен ырғағымен көбелектер болып «ұшып» шығуды ұсынады	
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақпен билейді;

Игереді: музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды;

Меңгереді: музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтады.

Әдіскер: *Асият Рахметова*

Өтілетін күні: 27.04.2021/30.04.2021

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Еңбек бәрін жеңбек» «Қуыршақ Сәулеге концерт» «Мақсаты: Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу.

Көпшілік алдында еркін өнер көрсетуге, ән айту, би билеуге бейімдеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: : сылдырмақтар, қасықтар, бубен аспаптары, түрлі түсті орамалдар, нота хрестоматиясы. Сөздік жұмыс: үй..

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балаларды көңілді қарсы алады. Бұрышта тұрған үйді көрсетіп: - Қандай әдемі үй! Мұнда кім тұрады екен? – деп ақырындап басып үйге жақындап, үйдің есігін қағып, «Мұнда кім тұрады?» – деп сұрайды. - Балалар, қол шапалақтап дыбыстайық, мүмкін естілмей жатқан болар, – деп ұсыныс айтады. - Енді аяғымызды қатты топылдатайық. Үйдің терезесінен тәрбиеші қуыршақ Сәулені көрсетіп: - Сәлеметсіңдер ме, балалар, – деп амандасады.	- Балалар, қол шапалақтап дыбыстайды, аяғымызбен қатты топылдатайды.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Сылдырмақпен би» («Жайдарман» қазақ халық әуені, өңдеген К. Қуатбаев) Педагог балаларға сылдырмақтар үлестіреді. Кәне, кәне, тұрайық, Шеңберді тез құрайық. Сылдырмақты көңілді Былай-былай соғайық, – деп сылдырмақты жоғары көтеріп, ойнап көрсетеді... Ән айту.. «Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов) «Педагог балалармен ойын ұйымдастырады. «Орамалмен билейміз» (Т. Сарыбаева) Орамалды аламыз, Сандықшаға саламыз, – деп сандықшаға орамалды жинайды. Педагог балаларға өздері қалаған аспаптарын таңдауға мүмкіндік береді. «Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова) Балаларға сылдырмақтар, қасықтар, бубен аспаптары беріледі. Ырғақты сезіне, ересектердің көрсетуімен қосылып ойнауға үйрету. «Қақпа» ойыны («Марш» Э. Парлов, «Жүгіру» Т. Ломова) Ойын шартын еске түсіру, түсіндіру.	Балалар сылдырмақты жоғары көтеріп, сылдырлатады; 4-6 такт. Бір аяқтың тізесін сәл бүгіп, сылдырмақты ақырын тізеге соғып сылдырлатады. Әуен екінші рет қайталанғанда 1-3 тактілерде – сылдырмақты екінші бос алақанға соғады; 4-6 такт. Сылдырмақты жоғары көтеріп, бір орында айналады, Балалар көңілді әуенге ілесе, орамалдармен би қимылдарын жасайды.
Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог қорытынды жасайды. - Балалар, қуыршақ Сәулеге сендермен бірге өте көңілді болды. Сендер ән айтып, би	Балалар қуана келісіп қоштасады.

	билеп, жақсы өнер көрсеттіңдер. Жарайсыңдар! Педагог балаларға ризашылығын білдіріп, мадақтайды. Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.	
--	--	--

Күтілетін нәтиже: Біледі; түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасайды;

Игереді: иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдайды;

Меңгереді: әнді жеке және топпен айтады; көпшілік алдында еркін өнер көрсетеді

Әдіскер: Аманжол Аманжол

Өтілетін күні: 04.05.2021

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Достық –біздің тірегіміз» «Біздің кіші достарымыз «Мақсаты: Әуеннің ырғағына, мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсете білуге баулу. Ойын арқылы ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: қоңыраулар, қонжықтың үйшігі, қонжықтың атрибуттары, қояндар мен аюдың атрибуттары, құрсаулар – «қояндардың індері», нота хрестоматиясы. Сөздік жұмыс: қонжық

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балаларды көңілді қарсы алып, ересектердің көрсетуімен бірге қимылдар жасуды ұсынады. «Жаттығулар» («Марш» Е. Тиличеева, «Экосез» И. Гуммель)	Балалар, марш екпінімен аяқ топылдата жүреді, әуен ауысқында зал ішінде шашырап жүгіреді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Педагог балаларға қоңыраулар үлестіреді. - Қоңырауды соғайық Үнін естіп алайық, Дин-дон! Дин-дон! – деп қоңырауды қозғап, сыңғырлатып көрсетеді. Балаларға бірге қоңырауды сыңғарлатуды ұсынады. Педагог балаларды үйшік жанына шақырып, қоңыр қонжықты ұйқыдан оятып алуды ұсынады. - Әлдеқашан таң атты, Ұйықтап жатқан қонжықты Қоңыраулар оятты, – деп, қоңырауларын соғуды сұрайды. Сөздік жұмыс: қонжық. Үйшік ішінен ойыншық қонжықты алып шығады. - Міне, қонжық ұйқысынан оянды. - Қане, балалар, хал-жағдайын сұрайық. Балаларға қонжықты ұстап, сипап көруге мүмкіндік береді. Балалардан «Қонжықтың мұрыны, құлағы, аяғы, көзі қайда?» - деп сұрап, көрсетулерін талап етеді. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Аюлар» (Е. Тиличеева) Балаларға «қонжық» атрибуттары кигізіледі. Педагог: Қонжықтар әйбат, тамаша! Би билейік жараса. Музыка тыңдау. «Қоңыр аю қорбаңбай» (Б. Дәлденбай). Ән айту. Қонжыққа арнап «Қоңыр қонжық» (Т. Сарыбаева) әнін орындап, тыңдауларын сұрайды. Педагог мазмұны туралы әңгіме өткізеді. Ойын «Қояндар мен аю» («Қояндар», «Аю» Т. Попатенко) Қояндар мен аюдың атрибуттары, құрсаулар-«қояндардың індері».	Балалар қолдарын алға соза дөңгелете ұстап, аяқтарын топылдата басады. Б бөлімі. Бір орында аяқтарын нық баса «қорбаңдап» айналады. Балаларға «қонжық» атрибуттары кигізіледі «Аю» кейіпкеріне бір бала тағайындалып, залдың бір шетінде ұйықтап отырады. Қалған балалар - «қояндар» індеріне – құрсаулар ішіне кіреді. «Қояндар» әуені ойналып, зал ішінде балалар секіріп, жүгіреді. Әуен тоқтап, «Аю» әуені орындалғанда, аю ұйқыдан оянады. Қояндар жүгіріп, індеріне қашады, ал аю оларды ұстап алуға тырысады.

Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді. Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.	Балалар қуана келісіп қоштасады.
---------------------------	--	----------------------------------

Күтілетін нәтиже: ;

Біледі; әуеннің ырғағына, мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсетеді;

Игереді: ойын шарттарын түсініп, белсене қатысады;

Меңгереді әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен жеке сөздерді айтады;

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: **11.05.2021/14.05.2021.**

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық. Бөлімі :Музыка

Тақырыбы ;«Отан қорғаушылар»

Мақсаты: Әртүрлі ырғақты әннің мағынасын түсінуге баулу. Ұйымшылдыққа, біріділікке, көппен бірге іс-әрекет жасауға тәрбиелеу. Көрнекілік: жалаушалар, түрлі түсті орамалдар, нота хрестоматиясы.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Үнтаспада көңілді әуен ойналып, балаларға зал ішінде өз беттерінше еркін жүру ұсынылады. Педагог түрлі түсті жалаушалар таратып, балаларды көңілді серуенге шақырады. - Жалаушамен келеміз, Біз көңілді жүреміз, – деп, жалаушаны көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. «Марш» (Б. Дәлденбай	Балалар әуенмен залға келеді.. көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Жалаушамен жаттығу» («Қазақ маршы» А. Затаевич). Педагог жаттығудан соң балаларды отырғызып, ән тыңдауды ұсынады. Музыка тыңдау. «Марш» (Л. Шульгин). Шығарманы орындап, көңіл күйін, сипатын түсіндіру. Шапалақтау арқылы марш екпінін еске сақтауға үйрету. Ән айту. «Жалауша» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбаев). Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.. Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. Таныс «Наурыз» (А. Досмағанбет) әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау. Педагог балалармен ойын ұйымдастырады. Ойын «Құрсау-құрсау» (Ө. Байділдаев, М. Әлімбаев).. Әуен соңында алдын ала қойылған құрсауларға кіру. Таныс ойынның шарттарын еске түсіріп, белсене қатысуға үйрету.	. Жалаушаларды жоғары көтеріп «желбіретеге» қозғау, шеңбер бойымен жүру, аяқтарын топылдата басу, жалаушаларды төмен-жоғары сермеу қимылдарын үйрету. Әуенді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді. Әннің мәтініне сәйкес жалаушаларды қозғау, қимылдарды бірге жасау. Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, шеңберді кішірейту-үлкейту, отыру-тұру, қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрау
Рефлексиялық түзетушілік:	. Педагог қорытынды жасайды. - Жалаушалар қандай түсте екен? - Қалай желбіреді? Балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді. Бүгінгі күннің көңілді болғанын айтып, мадақтап, қоштасады.	Балалар қоштасып ,шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: біріділікпен, көппен бірге іс-әрекет жасайды;

Игереді: әртүрлі ырғақты әннің мағынасын түсінеді;

Меңгереді: музыканың сипатына сай қимылдар жасайды;

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: **18.05.2021**

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу

қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі : Музыка

Тақырыбы : «Мен жасай аламын»

Мақсаты: Таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтау, қайталау. Ән айтуға қызығушылықтарын арттыру, көтеріңкі көңіл күй сезімін ояту.

Көрнекілік : жалаушалар, түрлі түсті орамалдар, нота хрестоматиясы.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Билейміз» (Е. Андосов) әуенімен қарсы алып, сәлемдеседі. Үйренген би қимылдарын еске сақтауға, мәнерлеп орындауға үйрету.	Балалар әуенмен залға келеді. Жұптасып қарама-қарсы тұрып, әуен ырғағымен қол шапалақтайды.
Ұйымдастырушылық ізденістік	«Орамалмен билейміз» (Т. Сарыбаева) Музыка тыңдау. «Топ, топ, балақан» (М. Арынбаев, А. Асылбек, ұнтаспада). Әннің мазмұнына, сипатына көңіл бөлу, түсінік беру. Екінші рет тыңдалып, әннің мазмұнына сай қимылдарды көрсетіп, бірге қайталауын қадағалау. Мағынасына сәйкес шапалақтау, топылдату, қол білезіктерін айналдыру қимылдары жасалынады. Ән айту. «Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов). Ән айтуға қызығушылықтарын ояту, ересектердің дауыс ырғағына еліктеп, қосылып топпен айтуға баулу. «Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев) қайталау. «Соқ-соқ», «бір, екі, үш» сөздерін анық айтуға үйрету. Педагог балалармен ойын ұйымдастырады. Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулитын ойын шартымен таныстырады. Ойын «Қақпа» («Марш» Э. Парлов, «Жүгіру» Т. Ломова). «Марш» (Э. Парлов) ойналып, балалар жалаушалармен зал ішінде шеңбер бойымен аяқтарын топылдата нық басып жүреді. Әуен аяқталғанда тәрбиеші бір балаға жақындап, жалаушаларды түйістіре ұстап «қақпа» жасайды. «Жүгіру» (Т. Ломова) орындалғанда балалар кезекпен «қақпа» ортасынан жүгіріп өтеді. Ойын 2-3 рет қайталанып, «Марш» әуенімен аяқталады.	Балалар шеңбер бойымен тұрады. Қызыл, жасыл, сары түстегі орамалдар таратылады. Әуен ырғағымен орамалды жоғары көтере, қозғап, аяқты топылдата жүру, бір орында айналу т.б. таныс қимылдарын көрсету. Әннің сөз тіркестерін ересектердің дауыс интонациясына салып айту дағдыларын қалыптастыру. Әннің мәтініне сай қимылдар жасау арқылы қиялдағы аспапта сүйемелдеу дағдыларын – «барабанда ойнауды» пысықтау.
Рефлексиялық түзетушілік:	- Балалар, сендерге бүгінгі ойын ұнады ма? - Бүгін көңілді әуен тыңдап, би биледіңдер, өте жақсы ойнадыңдар, жарайсыңдар! – деп мақтайды, көңілді қоштасып, шығарып салады.	Балалар қоштасып ,шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже: Біледі:.. таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтайды;

Игереді: педагогтің орындауындағы әндер мен пьесаларды тыңдайды,

Меңгереді: әнді ересектердің дауыс интонациясына салып айтады.

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні: 25.05.2021/28.05.2021

“Лалагүл” кіші топтарының тақырыпта ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы:

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Көңілді жаз» «Кішкентай төлдер»

«Мақсаты: Әуеннің ырғағына, мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсете білуге баулу. Ойын арқылы ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: жайлау және үй жануарлары мен төлдерінің суреттері, ойыншықтары, «күшік» және «лақ» атрибуттары, нота хрестоматиясы. Сөздік жұмыс: лақ, қошақан, бота, бұзау.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, жайлау көрінісін бейнелейтін көрнекі суреттерді көрсетеді. Ойыншық төлдерді (бұзау, лақ, бота, құлыншақ, қозы) көрсетіп, қалай дыбыстауын айту. Бота «бө-бө», лақ пен қошақан «мээ-мээ», құлыншақ «иоо-иоо» деп дыбыстайды деп түсіндіру.	Балалар, марш екпінімен аяқ топылдата жүреді, әуен ауысқында зал ішінде шашырап жүгіреді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Үнтаспада «Тұлпарым» (Б. Бейсенова) әуені ойналып, балаларға құлыншақтың шабысын көрсетіп, қайталатады. Аяқты көтере, жеңіл қозғалуға үйрету. Педагог: Ботақаны нардың Жарға неге бардың? Аяқтарың дірілдеп, Секіре алмай қалдың. Балаларды ән тыңдауға шақырады. Музыка тыңдау. «Ботақан» (Е. Өміров, Р. Наурызбаева). Әннің көңіл күйін, сипатын түсіндіру. Ән айту. «Әукім» (Е. Өміров, Р. Наурызбаева) әнін орындап, мағынасын түсіндіру. Сиыр және бұзаудың суреттерін көрсету. Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді. Әнді екінші рет орындап, мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыс жасауға үйрету. «Мысық» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев), «Күшігім менің» (Т. Исалиев, М. Ерімбетов). Таныс әндерді балалардың қалауы бойынша қайталау, еске түсіру. Педагог балалардан лақ пен күшіктің дауыстары туралы сұрап, әңгімелейді. Ойын «Лақ пен күшік» (С. Соснин).	Балалар Әуенді тыңдап ережесін сақтайды, Бір бала «күшік»-кейіпкер болып сайланады, атрибутын киеді, қалғандары «лақтар» болады. Әуен ойналып, жан-жаққа шашырап секіріп, жүгіріп ойнайды. Музыка аяқталғанда «күшік»-кейіпкер бала шығып, лақтарды қуа жөнеледі. Лақтар жан-жаққа қашып, күшікке ұстатпауы керек.
Рефлексиялық түзетушілік:	Педагог қорытынды жасайды. - Қандай төлдермен таныстық? Олар қалай дыбыстайды екен? - Құлыншақ қалай шабады? - Ботақан қалай әндетеді? - Лақ пен қошақан қалай секіреді? Сұрақтар қою арқылы оқу қызметін	Балалар сұрақтарына жауаптар айтады, Балалар қуана келісіп қоштасады.

	пысықтау. Жауаптарды тыңдап, балаларды мадақтап, көңілді қоштасады.	
--	---	--

Күтілетін нәтиже: ; Біледі; пьесалардың екі түрлі формасына қимылдарын ауыстыра біледі;

Игереді: әннің мағынасын түсінеді;

Меңгереді : әуенді тыңдау ережесін сақтайды;

Әдіскер: Аманжол Мамыралиев